

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 508 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 маусымда № 23037 болып тіркелді

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі қосымшаға сәйкес осы бұйрықпен бекітілсін.

2. Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2021 жылғы 15 маусымдағы
№ 508 Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1313 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17327 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын бекіту туралы қағидасы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтары тізбесіндегі (бұдан әрі – тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тауар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1340 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17414 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Тауар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидалары:

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Өзгерістер тіркеу нөмірін, заңды тұлғаның ресми атауын, тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын, жеке тұлғаның тұрғылықты жерін, сондай-ақ өзгерістер енгізгені үшін тиісті төлемді көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтінішхат беру жолымен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер

атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Өтінішхатқа иесі (құқық иеленуші) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

Өтінішхатта көрсетілген, бір құқық иеленушіге тиесілі бірнеше тауар белгілері болған кезде, осы өзгерістер бір типті болып есептеледі және мұндай жағдайда ақы төлеу әрбір кейінгі тауар таңбасы үшін бір үлгідегі өзгерістер енгізу ретінде жүргізіледі .";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Өзгерістер тіркеу нөмірін, заңды тұлғаның ресми атауын, тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда), заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын, жеке тұлғаның тұрғылықты жерін, сондай-ақ өзгерістер енгізгені үшін тиісті төлемді көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтінішхат беру жолымен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Өтінішхатқа иеленуші (құқық иеленуші) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

Өтінішхатта көрсетілген, бір құқық иеленушіге тиесілі бірнеше тауар белгілері болған кезде, осы өзгерістер бір типті болып есептеледі және мұндай жағдайда ақы төлеу әрбір кейінгі тауар таңбасы үшін бір үлгідегі өзгерістер енгізу ретінде жүргізіледі .";

1-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты

аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

3-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

4-қосымша осы тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

9-қосымша осы тізбенің 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы тізбенің 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы тізбенің 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы тізбенің 7-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1341 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17415 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттарын және олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары:

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Өзгерістер патент иеленуші немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкіл тиісті өзгерістер енгізу туралы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш беру жолымен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Бір патент иеленушіге тиесілі өтінішхатта көрсетілген бірнеше қорғау құжаттары болған кезде осы өзгерістер бір типті болып есептеледі және мұндай жағдайда төлем әрбір кейінгі қорғау құжаты үшін бір үлгідегі өзгерістер енгізу ретінде жүргізіледі.";

1-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

3-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

4-қосымша осы тізбенің 8-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы тізбенің 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбенің 11-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, авторлардың куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1342 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17397 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, авторлардың куәліктерін беру қағидалары:

3-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және төлем нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде

мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Егер көрсетілетін қызметті алушымен құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда, немесе стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жауапты орындаушы осы қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолы қойылған (ЭЦҚ) нысан бойынша көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Топологияларды тіркеу туралы шешімнің негізінде куәлік беру жөнінде "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК) қызметіне төлем расталған кезде Қазақстан Республикасының интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - мемлекеттік тізілім) "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК топология бойынша мәліметті оған реттік нөмір бере отырып, енгізеді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік тізілімге енгізілген мәліметтер негізінде "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК осы қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша куәлік береді. Куәлік қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырылады.

"ҰЗМИ" ШЖҚ РМК құқық иесіне не оның өкіліне сенімхат (егер өтінімді өкілдің өзі берген жағдайда) немесе сенімхаттың көшірмесі бойынша (егер өтінім патенттік сенім білдірілген өкілге берілсе), "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-на төлем құжаты келіп түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде куәлікті жібереді (береді).";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Құқық иесі болып табылмайтын топологияның авторына "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК автордың куәлігін осы қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес береді.

16. Автордың куәлігі өтініш иесіне, куәлікті беруге өтінімде көрсетілген топологияның әр авторына автордың куәлігін беруге дайындық жөнінде "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК қызметіне төлем расталған кезде беріледі.";

1-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 3-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"10 (он) жұмыс күні";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда- жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

4-қосымша осы тізбенің 12-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 13-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1343 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17416 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары:

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Өзгерістер патент иеленушінің (құқық мирасқордың) немесе патент иесінің сенімхаты бойынша әрекет ететін өкілінің сараптама жасау ұйымына тиісті өзгерістерді енгізу туралы ұсыныс хатты беруі арқылы енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.";

1-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

3-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

4-қосымша осы тізбенің 14-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбенің 15-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы тізбенің 16-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы тізбенің 17-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аталған қорғау құжатының жарамдылығын күшінде сақтау төлемақысы, құжаттың берілуі туралы мәліметтердің жарияланған күнінен бастап екі ай ішінде төленеді және төлемақысының төленгенін растайтын құжаттар "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК жіберіледі.".

6. "Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1345 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17331 болып тіркелген) келесі өзгерістар енгізілсін:

жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидалары:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 7-қосымшасындағы "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

1-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

4-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

5-қосымша осы тізбенің 18-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбенің 19-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

11-қосымша осы тізбенің 20-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбенің 21-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы тізбенің 22-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1346 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17332 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидалары:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2 және 3-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді

тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 7-қосымшасындағы "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Ашық лицензияға құқық беру үшін патент иеленуші "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК) кез келген тұлғаға селекциялық жетістіктерді пайдалануға лицензия алуға құқықты беру туралы өтініш береді.

"ҰЗМИ" ШЖҚ РМК ашық лицензия беру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Көрсетілген лицензияны алуға ниет білдірген тұлға патент иеленушімен жазбаша түрде шарт жасасуға міндетті. Шарттың талаптары бойынша дауларды қолдаңыстағы заңнамаға сәйкес сотта қаралады.

20. Соттың мәжбүрлі лицензиясын беру туралы шешімі негізінде "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК Мемлекеттік тізілімге тиісті мәліметтерді енгізеді және оларды жариялайды. Сот шешімі шыққан күн тіркеу күні болып табылады.";

1-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау

мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

4-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

5-қосымша осы тізбенің 23-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбенің 24-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

11-қосымша осы тізбенің 25-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбенің 26-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы тізбенің 27-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8. "Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17329 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидалары:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 7-қосымшасындағы "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 8-тармағында көрсетілген

қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Ашық лицензияға құқық беру үшін патент иеленуші "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорын (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК) кез келген тұлғаға селекциялық жетістіктерді пайдалануға лицензия алуға құқықты беру туралы өтініш береді.

"ҰЗМИ" ШЖҚ РМК ашық лицензия беру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Көрсетілген лицензияны алуға ниет білдірген тұлға патент иеленушімен жазбаша түрде шарт жасасуға міндетті. Шарттың талаптары бойынша дауларды қолдаңыстағы заңнамаға сәйкес сотта қаралады.

20. Соттың мәжбүрлі лицензиясын беру туралы шешімі негізінде "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК Мемлекеттік тізілімге тиісті мәліметтерді енгізеді және оларды жариялайды. Сот шешімі шыққан күн тіркеу күні болып табылады.";

1-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

4-қосымшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8";

5-қосымша осы тізбенің 28-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбенің 29-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

реттік нөмірі 1-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).";

реттік нөмірі 7-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.";

11-қосымша осы тізбенің 30-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбенің 31-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы тізбенің 32-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидасы (бұдан әрі – Қағидалар) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізілімінен, Өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінен, Пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімінен, Өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізілімінен, Тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен, Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) үзінді көшірмелерін беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктерінің, өнертабыстарының, пайдалы модельдерінің, өнеркәсіптік үлгілерінің, тауар белгілерінің және тауарлар шығарылған жер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмені ұсынуға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

2) Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімі – Тіркелген пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімі;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында өкілдік етуге құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның

ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым;

5) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі – Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасының патенттер берілген сорттарды, тұқымдарды қамтитын қорғалатын жануарлар тұқымдарының мемлекеттік тізілімі;

6) тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі – Заңға сәйкес тауар белгісіне айрықша құқыққа немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие жеке немесе заңды тұлға;

7) Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімі – Тіркелген тауардың шығарылған жерінің мемлекеттік тізімі;

8) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

9) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

10) "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

